

МЕЛИОРАЦИЯ

ӘОЖ 551.4; 631.48; 482

ТҰЗДЫ ТОПЫРАҚТАРДЫҢ ҚАЗАҚША ТЕРМИНДЕРІ ТУРАЛЫ ОЙЛАР

¹Ж.Ү. Мамытов, ²Г.Т. Исанова, ³А.Н. Жаманғараева

1Ө.О.Оспанов атындағы Қазақ топырақтану және агрохимиялық ғылыми-зерттеу институты, 050060, Алматы, Әл-Фараби даңғылы, 75 в, 2Әл – Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Алматы, Әл-Фараби даңғылы, 71,

3Қазақ Ұлттық аграрлық университеті 050100, Алматы, Абай даңғылы, 8

Мақалада тұзды топырақтардың қазақша терминдері туралы ой толғанып, жарық көрген сөздіктерге шолу жасалып, оларда қамтылған мағлұматтардың көлемдік құрамына баға берілді, бұл салаға арналған түсіндірме сөздікті құрастырудың қажеттілігін негіздеп, оның жобалы үлгісі қарастырылған.

КІРІСПЕ

Қазақстан Республикасы егемендігін алып, ұлтымыздың тілі мемлекеттік болғаннан бері ғылыми терминдерді қазақша пайдалану қажеттілігі туындады. Әсіресе, соңғы жылдары, оқу орындарында, оның ішінде, университеттер мен институттарда, қазақ студенттерінің магистранттардың және Ph докторанттардың сандық үлесі молайып (70 %), дәрістердің дерлік барлығы өз тілінде жүргендіктен, осы тілде жазылған оқу құралдары мен оқулықтардың тапшылығы бірден білінді. Сондықтан студенттер мен оқушылардың нақтылы білім алуына бұл фактор негізгі кедергілердің бірі болып отыр. Бұл мәселелердің барлығы «Топырақтану» пәнін оқығанда кездесіп, осы пәнге арналған ұлттық тілде бірен-саран оқу құралдары [3, 4, 8, 9] оқулықтар [5] қолдан - қолға түспей пайдалануда. Сол сияқты, орысша-қазақша сөздіктер мен топырақтанудың түсіндірме сөздіктері де бар [1, 2, 6, 7]. Бірақ, бұл сөздіктерде, топырақтану ғылымындағы негізгі және өте жиі кездесетін түсініктер ғана қамтылып, топырақтану ғылымының әр түрлі салаларының ауқымындағы терминдер тәптіштелін алынбаған (топырақ географиясы, химиясы, физикасы, органикасы, микробиологиясы, т. б.). Бұл салалардың ішіндегі өте күрделісі тұзды топырақтарға арналған ғылыми ақпараттық

мәліметтер. Себебі, бұл сала, өзінше, көптеген топырақтану ғылымының бағыттарының басын құрайды. Мысалы, тұзды топырақтардың тегін (генезисін), қалыптасуын, құрылымын, құрылысын, құрамын, қасиетін зерттей келе алынған мәліметтердің нәтижесінде олардың игеру жолдарын қарастырады. Соңғы бағыт техникалық-инженерлік, физика-химиялық, гидрохимиялық және т. б. бағыттармен тікелей байланысты. Олай болса, осы ғылыми салалардың да терминдері, тұзды топырақтар туралы мағлұматтармен байланысып, іске асуы керек.

НӘТИЖЕЛЕРІ

Сонымен ұсынып отырған мақаланың мақсаты – тұзды топырақтар туралы түсіндірме сөздік жасаудың мүмкіндіктерін қарастыру. Осы мақсатқа жету үшін келесі мәселелер шешілуге тиіс болды:

- топырақтану туралы жарық көрген сөздіктерді сараптап, оларда қамтылған мағлұматтардың сандық және сапалық құрамын анықтау;
- тұзды топырақтарға арналған салалық түсіндірме сөздігін жасаудың қажеттілігін анықтау;
- осы салада жасалатын түсіндірме сөздіктің жобалы үлгісін қарастыру.

Топырақтану ғылымына арналған және жарық көрген басылымдарды

сараптау нәтижесінде, біз тұзды топырақтардың құрылымы, құрылысы, құрамы және қасиеттері туралы ұғымдар мен терминдердің өте аз қамтылғанын байқадық. Мысалы, тұзды топырақтардың көбінесе аттары ғана аталған (сор, сортаң, шақат, тақыр, т. б.), ал бұларды жүйелеу мен жіктеудегі ғылыми түп нұсқасында мән-мағыналары орыс тілінде өте күрделі берілгендігі белгілі. Тек қана сортаңдардың жіктелуін жиырмадан астам терминдермен түсіндіреді. Мысалы, «солонцово-солончаковатый», «солонцовый», «солонцаватый» сияқты терминдерді барлық сөздіктерден кездестіре алмадық. Ал, бұлардың түсіндірмелерін беру үшін, қазақ тілінің ережелеріне және болмысына сәйкестендіру қажеттілігі туындайды. Болмаса, бұл салада теориялық және практикалық білім алу қиынға соғады. Сонымен, сөздіктердегі қарастырып отырған салаға арналған терминдік сөздердің шамамен сандық құрамын анықтағанда барлығы 30 – ға жуық болды.

Тұзды топырақтарға арналған терминдердің қазақша баламаларына үңілсек, біразымен келіспеуге тура келеді. Мысалы, көпке аян «сор», «сортаң», «шақат» деген терминдерді, біздің ойымызша, орысшадан аударғанда біраз ақаттық кеткен.

“Солонец” деген терминдерді Ө.О.Оспанов, т.б.[1] және Ж.У.Ақанов, т.б. [6] «сортаң» деп аударған. Ал, Тазабековтар [2] мұны «кебір» дейді және соңғы шыққан оқу құралында Тазабеков [10] біресе «сортаң», біресе «кебір» деп береді. Бірақ екеуінде де «солонец» туралы ұғым бергенін анық байқауға болады. Сонда, қайсысы дұрыс? «Кебір» деген термин, біздің білуімізше, өзбек ұлтына тән сөз. Ал, түбін қуалайтын болсақ, бұл сөздің тарихы арабтар мен парсыларға жақындауы мүмкін. Оларда «кебін», «кеп» деген сөздер қазақтың «сыртын қаптайды» деген мағыналы сөзімен ұштасып жатыр. Мысалы, «өлікке кебін

кидіру», бір затты қаптау немесе кептеу мағынасын білдіреді. Ал өзбектің топырақтану ғылымындағы терминдерінде «солончак»-сорды «кебір» деген терминмен атайды. Себебі, Орта Азияның сұр және тақыр тәрізді топырақтарының арасында «солонец» немесе «сортаң» топырақтар жоққа тән. Сондықтан тұзданған топырақтардың барлығын олар, «кебір» деп атайды. Бұл термин өзбектерден қарақалпақ пен түрікмендерге ауысып, олар бұл атауды кеңінен қолдануда.

Сол сияқты Қазақстанның Оңтүстік облысындағы Өзбекстанмен шектесіп жатқан қазақ ұлтты халықтардың біренсараны осы терминдік сөздерді пайдаланады. Ал шығысқа және солтүстікке қарай Жамбыл облысының халқынан бастап (Алматы, Қарағанды, Ақмола, т. б.) қалған өңірлердегі қазақ халқы, бұл сөзді мүлдем пайдаланбайды. Бұл аймақтарда тұзды топырақтардың тарихи қалыптасқан нақтылы атаулары бар.

Олардың ішінде «солонец» деп аталатын топырақтарды қазақ ежелден «сортаң» деп, ал «солончакты» «сор» топырақтар, «солодтарды» «шақаттар» деген. Сондықтан бұл сөздердің ұғымдары қазақ халқында сіңісе қалыптасқан тарихи терминдік сөздер болып табылады. Тіптен, кебірдің түп-тұқиянын түрік тілінен іздеп, топырақтану ғылымына пайдаланатын мақсат қойсақ, бұл сөздік – термин орыстың «корковый солончак», ал қазақтың «қабыршақты сор» топырағына балама ретінде жақындатуға болады. Сонда беті кеуіп, қабыршақтанған кебірлі сор шығады. Бірақ халқымыздың өте басым (сандық) көпшілігінің аузындағы «сортаң», «сор» деген ұлттық ұғымдарды жойып жіберу обал болатын сияқты.

Осыдан келіп тұзды топырақтарды зерттеу саласына арналған мәліметтер мәтінінен арнайы түсіндірме сөздікті жасау – дау тудырмайтын ақиқат екендігі анықталды.

Бұл түсіндірме сөздіктің жобалы үлгісін көрсетуді жөн көрдік. Ол үшін

көптеген терминдік сөздерді мысал етіп, бұл мақаланы тым жүктемей, қысқаша сұлбалық үлгісін келтіруді орынды деп санаймыз.

1. Типичные гидроморфные солончаки – нағыз гидроморфты сорлар - өте минералданған (тұзданған) топырақ суларының деңгейі жоғары болып одан топыраққа сіңген тұздардың концентрациясы булану барысында молайып пайда болады.

2. Соровые (шоровые) солончаки – шорлы сорлар – таяз көлдер мен ежелгі өзен арналарындағы топырақтардың суларының булануынан пайда болған.

3. Вторичные солончаки – екінші ретте пайда болған сорлар – бей-берекет суғарудың нәтижесінде, минералданған топырақ суларының деңгейі жоғары көтеріліп, жер бетіне жақын орналасқан қабаттарына тұздардың сіңуінен түзіледі.

4. Болотные солончаки – батпақты сорлар – топырақ асты суларының үнемі немесе ұзақ уақыт (көп жылдар) жер бетіне жақын жатқандығынан түзіледі.

5. Отакрыенные (пустынные) солончаки – тақырланған шөлдік сорлар – топырақ беттері өздеріне тән жарықшақтанған және қабыршақтанған болып келеді.

6. Остаточные или реликтовые солончаки – қалдықты немесе реликті сорлар - өте ерте кездегі гидроморфты тұздану процесінің себебі болған шөгінді тау

жыныстарының әсерінен пайда болған.

Осы келтірілген жобалық үлгілерде орысша терминдердің қазақша баламаларымен тек қана тұзды топырақтардың тектік тарихы ғана пайда болуы, бір сөйлем көлемінде берілді. Бұл ұғым әрі қарай осы аталған топырақ типшелерінің құрылымы, құрамы, қасиеті туралы мәліметтермен толықтырылады. Ал мұның соңғы сөйлемінде, осы топырақты игеру жолдары да аталады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Жоғарыдағы шешілетін мәселелерге сәйкес келесі қорытындыларды жасауға болады:

1. Тұзды топырақтар туралы жарық көрген орысша-қазақша сөздіктерде осы салаға жататын терминдердің саны өте аз, ал сапасы немесе дұрыс-бұрыстықтары күмән келтіріп, ақиқаттан алшақтау жатқаны анықталды.

2. Тұзды топырақтарды зерттеу саласына арналған мәліметтер мәтінінен арнайы түсіндірме сөздікті жасау – дау тудырмайтын ақиқат екендігі белгілі болды.

3. Осы салада жасалатын түсіндірме сөздіктің жобалы үлгісі жасалып, оған тұзды топырақтардың тегі, құрылымы, құрамы, қасиеті, игеру жолдару туралы мәліметтер енгізілді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Оспанов Ө.О., Жанпейісов Р., Шолақов Ш. Орысша-қазақша топырақтану терминология сөздігі. Алматы. Ғылым. 1962. 256 б.

2. Тазабеков Т.Т., Тазабекова Е.Т. Орысша-қазақша топырақтану түсіндірме сөздігі. Алматы: Ана тілі. 1994. 196 б.

3. Биғалиев А.Б., Жамалбеков Е.Ү., Білдебаева Р.М. Қазақстанның топырағы және оның экологиясы. Алматы. Санат. 1995. 132 б.

4. Жамалбеков Е.Ү., Білдебаева Р.М. Жалпы топырақтану және топырақ географиясы. Алматы. Қазақ Университеті. 1997.-194 б.

5. Тазабеков Т.Т., Тазабекова Е.Т., т.б. Жалпы топырақтану. Алматы. Агроуниверситеті. 1998. 136 б.

6. Ақанов Ж.У., т.б. Орысша-қазақша түсіндірмелі топырақтану сөздігі. Алматы. ТЕТНУС. 1999. 104 б.

7. Қазақша-орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздік. Ауыл шаруашылығы. ҚР терминкомы бекіткен. Алматы. Рауан. 2000. 292 б.

8. Жамалбеков Е.Ү., Білдебаева Р.М. Топырақтану және топырақ географиясы мен экологиясы. Алматы. Қазақ Университеті. 2000. 204 б.

9. Тазабеков Т.Т., Тазабекова Е.Т. Топырақтар географиясы. Алматы. Агроуниверситеті. 2000. 182 б.

10. Тазабеков Т.Т., Тазабекова Т.Б. Топырақты жақсарту, бағалау және қорғау Алматы. 2004. 135 б.

РЕЗЮМЕ

В статье, после проведенного обзора опубликованных словарей по толкованию терминов на казахском языке, дана оценка правильности переводов и содержания, выражено свое мнение и обоснование необходимости создания толкового словаря по засоленным почвам. Предлагается образец содержания толкового словаря.

RESUME

In the article after the held review of published dictionaries of terms which are explained in Kazakh, there is given the appreciation of correct translation and their content, there is also given self opinion and argumentation of necessity for creation of defining dictionary on the subject of salt lands. Here is offered the example of the content of such a dictionary.